



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2016 жылғы 14 желтоқсан

Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Қазақстан банкноттары мен монеталарының ең үздік бейнеленуіне арналған балалар суреті конкурсының жеңімпаздарын марапаттау туралы



Бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған ұлттық валюта – теңге банкноттары мен монеталарының ең үздік бейнеленуіне арналған балалар конкурсының жеңімпаздарын марапаттау салтанатты түрде өтті.

Іс-шараға конкурстың жас қатысушылары, олардың шығармашылық жетекшілері, ата-аналары, ұстаздары, Конкурстық комиссия мүшелері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

«Конкурс біздің балаларымыздың қаншалықты дарынды екендігін көрсетті, олардың барлығы да барын салып, міндетін тамаша орындады. Біздің конкурстық комиссиямызға үздіктердің ішінен үздікті іріктеу оңай болған жоқ», – деп атап өтті өзінің құттықтау сөзінде

ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Дина Ғалиева. Ол сондай-ақ балалардың өз суреттерінде түпнұсқа банкноттардағы басым түстерді пайдаланғанын айтты. «Біздің балаларымыз еліміздің ұлттық валютасы қандай болатынын жақсы біледі, олардың биыл өзінің 23 жылдығын атап өткен теңгенің қандай екендігі туралы тамаша түсінігі бар. Осы конкурстың мақсаты да классикалық функциясы ұлттық валютаның банкноттары мен монеталарын шығару болып табылатын Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметін танымал ету болып табылады», – деді Д. Ғалиева.

Барлығы конкурсқа Қазақстанның бүкіл өңірлерінен 604 жұмыс келіп түсті, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары балаларының белсенді қатысуы атап өтілді.

Сонымен бірге Конкурстық комиссия іріктеп алған 25 үздік жұмыс ҚРҰБ-ның ресми Интернет-ресурсында 2016 жылғы 8 – 13 желтоқсан аралығында «Көрермендер көзайымы жүлдесі» номинациясында онлайн-дауыс беру үшін орналастырылды, ол жүлдені Алматы қаласының 13 жасар тұрғыны Артур Гардтың суреті алды.

«Мен суретімнің конкурста жеңіске жеткенін білгенде қатты қуандым. Суретін салған монетамның Ұлттық Банктің дизайнерлеріне ұнағанын және болашақта Қазақстанда дәл осындай монета шығарылғанын қалар едім. Өз идеямды іске асыру үшін 2 күнім кетті», – деді Артур.

Бұдан басқа, конкурс ұйымдастырушысы ынталандыру жүлделерін тағайындады, олармен № 9 мамандандырылған мектеп-интернатының оқушысы Дінмұхамед Тастайбеков (11 жас, Алматы қ.) және Халықаралық білім беру корпорациясының (МБК) ҚазМҚСА жанындағы лицейдің оқушысы Ангелина Шакирзянова (14 жас, Алматы қ.) марапатталды.

«Қазақстанның банкноттары ең әдемі! Мен өз суретімде олардың әдемілігін көрсеткім келді», – деді Дінмұхамед.

Конкурстық комиссия мүшелеріне 6 – 10 жас аралығындағы жас санатында «Монетаның ең үздік бейнеленуі» номинациясында 2-орын алған 6 жасар Іңкәр Бөрібайдың ата-анасы алғысын білдірді: «Біздің балаларымыз және біздер, ата-аналар үшін осындай күтпеген мереке үшін алғыс айтамын. Біз тәуелсіз елімізде өз баламыздың жеңісін тамашалап отырмыз. Барша қазақстандықтарды айтулы мереке – Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Қазақстан Ұлттық Банкі ұйымдастырған конкурсқа қатысқанымызға қуаныштымыз және бұл конкурста қызымыз туған еліне және біздің ұлттық валютамыз - теңгеге деген өз сүйіспеншілігін және талантын көрсете алды».

Ұлттық Банктің бұл конкурсты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы шеңберінде өткізгенін еске саламыз. Конкурс 2016 жылғы 7 қазан – 15 қараша аралығында өткізілді. Конкурс қорытындысын Конкурстық комиссия шығарды, оның құрамына ҚРҰБ-ның банкноттар мен монеталар дизайны саласындағы сарапшылары ғана емес, сол сияқты Суретшілер одағының, Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының, «Дружные ребята» республикалық балалар газетінің өкілдері де кірді.

Қосымша ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 330-24-97

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz